

ШЫМКЕНТ Қ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ  
**«ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІ»**  
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ  
КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ  
ПРЕДПРИЯТИЕ  
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ  
**«ВЫСШИЙ МЕДИЦИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ»**  
УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ г.ШЫМКЕНТ

## **Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК 2026-2030 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары (2025 жылғы жағдай бойынша)**

Стратегиялық жоспар колледждің Педагогикалық кеңесі мәжілісінде қаралып, бекітілді  
(30.12.2025 ж. №3 хаттама)

Шымкент 2025 ж.

## **МАЗМҰНЫ**

### **1-БӨЛІМ. КІРІСПЕ**

- 1.1 Миссиясы**
- 1.2 Пайымдауы**
- 1.3 Құндылықтары мен этикалық қағидалары**

### **2-БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ**

### **3-БӨЛІМ. SWOT- талдауы**

### **4-БӨЛІМ. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР МЕН МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

- 4.1- Стратегиялық бағыт. Колледждің ұйымдастыру - басқару қызметінің жүйесін жетілдіру;**
- 4.2 - Стратегиялық бағыт . Білім беру қызметтерінің жүйесін жетілдіру;**
- 4.3 - Стратегиялық бағыт. Колледж оқытушыларының кәсіби және шығармашылық әлеуетін арттыру;**
- 4.4 - Стратегиялық бағыт. Колледждің қаржылық тұрақтылық жүйесін жетілдіру және материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту.**

### **5-БӨЛІМ. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР**

## 1. Кіріспе

**Жоғары медицина колледжінің миссиясы** - Қазақстан Республикасы мен шетелдің, облыстың, қаланың қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттілігі негізінде бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мақсатында халықаралық стандарттарға бағытталған жоғары сапалы білім беру қызметтерін ұсыну.

**Пайымдауы** - Денсаулық сақтау саласындағы жоғары білікті орта медицина қызметкерлерін үздіксіз кәсіби даярлау жүйесіндегі жетекші колледж болу.

### Құндылықтар / этикалық қағидалары:

1. Үздіксіз даму
2. Кәсібилік
3. Құзыреттілік
4. Жауапкершілік
5. Пациентке бағытталу
6. Алқалылық
7. Бәсекеге қабілеттілік
8. Шығармашылық, жаңашылдыққа бейімділік
9. Қарым-қатынас орнатуға бейімділік

## 2. Қазіргі жағдайды талдау

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының «Жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде заңды орынды иеленеді.

Колледждің білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2025 жылғы 24 ақпанда берген қызмет мерзімі шектеусіз № KZ67LAM00000933 сериялы мемлекеттік лицензиясы негізінде мына мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

- 09120100 «Емдеу ісі», 4S09120101 «Фельдшер» біліктілігімен, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай;
- 09130200 «Акушерлік іс», 4S09130201 «Акушер» біліктілігімен, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай;
- 09130100 «Мейіргер ісі», 4S09130103 «Жалпы тәжірибе мейіргері» біліктілігімен, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай;;
- 09130100 «Мейіргер ісі», 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігімен, оқу мерзімі 3 жыл 6 ай;
- 09130100 «Мейіргер ісі», 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігімен, оқу мерзімі 1 жыл 6 ай;
- 09130100 «Мейіргер ісі», 3W09130102 «Массажист» біліктілігімен, оқу мерзімі 1 жыл 10 ай;
- 09110100 «Стоматология», 4S09110102 «Дантист» біліктілігімен, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай;
- 09110200 «Отопедиялық стоматология», 4S09110201 «Тіс технигі» біліктілігімен, оқу мерзімі 1 жыл 10 ай;
- 09140100 «Лабораториялық диагностика», 4S09140101 «Медициналық лаборант» біліктілігімен, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай;
- 09160100 «Фармация», 4S09160101 «Фармацевт» біліктілігімен, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай;
- 09880100 «Медициналық профилактикалық іс», 4S09880101 «Гигиенист эпидемиолог» біліктілігімен, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай.

Қазіргі уақытта орта буын медицина мамандарын даярлау Қазақстан Республикасының мейірбике ісін дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған жоспарының, 2025-2030 жылдарға арналған мейірбике ісін дамыту жоспарының, медициналық колледждерді ҚР

университеттерімен және тәжірибелік денсаулық сақтаумен интеграциялау арқылы денсаулық сақтау кадрларын оңтайландыру, Орталық Азиядағы мейірбике және акушерлік істі нығайтудың стратегиялық бағыттарына, 2029 жылға дейін Шымкент қаласының денсаулық сақтау саласын дамыту бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

2025-2026 оқу жылының басынан білім алушылар контингенті - 2121, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша - 1246, келісім-шарт негізінде - 875.

Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК өз балансында: 1,1102 га жер учаскесі, екі 4 қабатты оқу корпусы және 5 қабатты жатақхана корпусы бар:

1. Жалпы ауданы 4143,0 м<sup>2</sup> оқу корпусы, оның ішінде пайдалауға жарамды 3030,4 м<sup>2</sup>
2. Оқу-клиникалық орталығының корпусы 5258,7 м<sup>2</sup>, оның ішінде пайдалауға жарамды 3245,6 м<sup>2</sup>
3. Жалпы ауданы 3485,8 м<sup>2</sup> жатақхана, оның ішінде пайдалауға жарамды 2574,6 м<sup>2</sup>
4. Ауданы 945,1 м<sup>2</sup> спорт кешені.

Оқу алаңы 7250 м<sup>2</sup> құрайды. Сабақ екі ауысымда жүргізіледі, бір білім алушыға есептегенде сабақтардың 2 ауысымын ескере отырып, 6,8 м<sup>2</sup> келеді, бұл қолданыстағы санитарлық нормалар мен МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. Спорт кешеніне волейбол мен баскетболға арналған жабық спорт залы, шағын спорт залы, оқытушылар кабинеті, білім алушыларға арналған киім ауыстыратын бөлмелер мен душ бөлмелері және 50 орындық асхана кіреді.

Колледжде оқу кабинеттері - 89, зертханалар - 16, аудиториялар – 40, компьютерлік сыныптар – 6; 3 оқу залы бар кітапхана (оның ішінде 2 электронды), әдістемелік кабинет, оқу үрдісін цифрландыруды дамыту орталығы, симуляциялық және кәсіби құзыреттілік орталығы, 232 орындық акт залы жұмыс істейді, мультимедиялық проектормен және үш LED экранмен жабдықталған, интерактивті панелі бар 2 конференц-зал, өзіне-өзі қызмет көрсету EGOV кабинеті.

2023 жылдан бастап мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 3W09130102 «Массажист» біліктілігімен 09130100 «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша инклюзивті оқыту жүзеге асырылуда. Қолжетімді оқу ортасы құрылды: пандус, тік қозғалыспен көтергіш платформа, бұрылыс алаңы, сатыларды таңбалауға арналған контрастты таспа салынды, кіреберіс есіктің алдына тактильді тақтайшаа, бедерлі жолақтар, Брайль шрифті бар тактильді тақтайшалар орнатылды.

2020 жылдан бастап колледж аумағында білім алушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және фармакогнозия сабақтарында тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында дәрілік және гүлді-сәндік дақылдарды өсіруге және дәрілік ағаш-бұта өсімдіктерін көбейтуге арналған тамшылатып суарумен 160 ш.м. оқу-тәжірибелік учаскесі (жылыжай) жұмыс істейді.

Студенттерді қабылдау және тәжірибелік сабақтар мен өндірістік тәжірибеден өткізу үшін колледждің дербес стоматологиялық клиникасы заманауи медициналық құралдармен жабдықталған, зарарсыздандыру блогы, рентген аппараты, радиовизиограф және қажетті медициналық құралдар бар.

Колледжде 216 компьютер, 78 ноутбук, 50 проектор, 23 интерактивті тақта, 10 интерактивті панель, 1 кітап сканері, 103 принтер бар (оның 3-і түрлі-түсті басып шығаруға арналған).

Өз құрылымында колледжде орта буын мамандарын даярлау бойынша 6 бөлімше және қосымша білім беру бөлімшесі бар.

Колледж қызметінің сапасын бағалау және білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсатында 2021 жылғы маусымда колледж Тәуелсіз Қазақстандық Аккредиттеу Орталығында (ҰБОА) 5 жыл мерзімге 8 білім беру бағдарламасын институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу рәсімінен сәтті өтті.

Институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу сертификаттары жоғары тұрақтылықтың, ұсынылатын білім беру қызметі сапасының тұрақтылығының кепілі болып табылады және білім беру қызметтері нарығында бәсекелестік артықшылықтарды сақтауға мүмкіндік береді.

2026 жылғы маусымда институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өту мерзімінің аяқталуына байланысты 30.10.2025 ж. №2 Педагогикалық кеңестің отырысында кезекті аккредиттеуден өтуді дайындау туралы шешім қабылданды. Колледж директорының 30.10.25 ж. №125 бұйрығымен институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде ішкі аудит жүргізу және өзін-өзі бағалау бойынша есеп дайындау бойынша жұмыс тобы құрылды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы №46 «Денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы» бұйрығына сәйкес Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледж» МКК мемлекеттік аттестаттаудан сәтті өтті, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы ретінде, Денсаулық сақтау саласындағы орта білімнен кейінгі білім беру және 2027 жылға дейін аттестатталған.

2025 жылы колледж KZ Q.01.0318.C25.13143 2028 жылдың 04 маусымына дейін сертификатын ала отырып, ИСО 9001: 2016 талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесінің қайта сертификаттау аудитінен өтті.

Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мақсатында колледжді дамытудың стратегиялық жоспарында көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес 2021 жылдан бастап ынтымақтастық туралы 16 келісім жасалды (Тәжікстан Республикасының Душанбе қ. «Республикалық медициналық колледжі» ММ, Беларусь Республикасы Минск қ. «Беларусь жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру медициналық академиясы» ММ, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының білім беру ұйымдарымен). 2025 жылы Әзірбайжан Республикасының №2 Баку базалық медициналық колледжімен меморандум жасалды.

2020 жылдан бастап Шымкент қ. ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК жыл сайын өткізілетін кәсіби шеберлік байқауларында және білім алушылардың үздік халықаралық тәжірибелерін көрсетуге белсенді қатысады және «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзыреті бойынша WorldSkills Kazakhstan «Жас кәсіпқойлар», ал 2022 жылдан бастап «Зертханалық медициналық талдау» құзыреті бойынша өңірлік чемпионатын өткізудің базалық алаңы болып табылады. WorldSkills Shymkent өңірлік чемпионаттарының қорытындысы бойынша колледж білім алушылары жүлделі орындарға ие.

Құзыреттілеттік	2022 ж.		2023 ж.		2024 ж.		2025 ж.	
	Қатысушылар саны	Нәтиже						
Медициналық және әлеуметтік күтім	1	алтын	1	алтын	1	алтын	1	алтын
Зертханалық медициналық талдау	1	алтын	1	алтын	өткізілмеді		өткізілмеді	

«WorldSkills Kazakhstan-2021» VI Республикалық чемпионаты аясында (Астана қ.) «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзыреттілігі бойынша колледж оқушысы Избасарова Анель «WorldSkills Kazakhstan-2021» жеңімпазы атанды және «Medallion of excellence» кәсіби шеберлігі үшін дипломмен және медальонмен марапатталды.

2025 жылы Талдықорған жоғары медициналық колледжінің базасында жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткен «MedSkills Zhetisu – 2025» I республикалық чемпионатында «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзыреттілігі бойынша «WorldSkillsShymkent-2025» өңірлік чемпионатының жеңімпазы, ФР 23 «А» тобының білім алушысы Кенжебаев Дінмұхамед III орынға ие болды (қазан 2025 жыл).

1930 жылдан бастап оқу орны 35 мыңнан астам орта медицина қызметкерлерін дайындады.

2025-2026 оқу жылында оқытушылар саны - 207, оның ішінде штаттағы - 161 (77,8%), штаттан тыс – 46 (22,2%). Педагог-шебер біліктілік санаты бар штаттағы оқытушылар – 1 (0,6%), педагог-зерттеуші - 17 (11%), педагог-сарапшы-21 (13%), педагог-модератор – 68 (42,2%), санаты жоқ - 53 (32,9%); магистрлер – 40 (24,8( % ), мейірбике ісінің академиялық бакалаврлары – 18 (11,2%).

Колледждің педагог кадрларының біліктілігін арттыру бекітілген оқытушылардың біліктілігін арттырудың жоспарына сәйкес жүргізіледі.

09130100 «Мейіргер ісі» мамандығының 3W09130102 "Массажист" біліктілігі бойынша мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту үшін 2022 жылы «Инклюзивті білім берудің жаңа білім беру технологиялары» бағыты бойынша колледждің 4 оқытушы, 2024 жылдың қыркүйегінде «Техникалық және кәсіптік білім берудегі инклюзивті оқытудың негізгі аспектілері» тақырыбында біліктілікті арттыру курстарынан 4 оқытушы өтті (АҚ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы).

2024-2025 оқу жылында 97 оқытушы халықаралық конференциялар, медициналық форумдар, семинарлар, шеберлік сыныптар және біліктілікті арттыру курстарына қатысты, бұл олардың кәсіби құзыреттіліктерін жаңартуға ықпал етті. Шетелде оқудан өткен мамандардың үлесі 2,4 % (4 адам) құрады.

2024-2025 оқу жылына арналған оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспарын іске асыру шеңберінде 81 педагог біліктілігін арттырудан өтті, оның ішінде жоспар бойынша – 33 адам, жоспардан тыс – 48 адам. Атап айтқанда, 2024 жылдың қазан айында колледждің үш оқытушысы американдық педиатрия академиясы (Техас, АҚШ) ұйымдастырған «Педиатрия» мамандығы бойынша «Жаңа туған нәрестелерді Реанимациялау негіздері» тақырыбында шұғыл медициналық дайындық циклі бойынша біліктілікті арттыру курстарын аяқтады.

Оқытушылар А.Агилова, А.Каримов, П.Алтай, Э.Нұрлыбаева «Негізгі тіршілікті қамтамасыз ету. Автоматты сыртқы дефибрилляторды пайдалана отырып алғашқы көмек» бойынша дайындық курсынан өтті және BLS жаттықтырушысының халықаралық сертификатын алды. («Адам қауіпсіздігі институты», Астана қ., 2025 ж.).

2025 жылғы 13 қаңтардағы ҚР ДСМ-нің хаттамалық тапсырмасын орындау мақсатында және «2025 жыл – медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жылы» бағдарламасының іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде 2025 жылғы 12-24 мамыр аралығында С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-да «Медициналық білім беру негіздері: оқытушыларға арналған базалық құралдар» тақырыбында 25 оқытушы біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2023-2024 оқу жылында ағылшын тілін меңгеру курстарында өндірістен қол үзбей оқыған оқытушылар саны 29 адамды және 2024-2025 оқу жылында 14 адамды құрады. Бұл педагогикалық кадрлардың тілдік даярлық деңгейін арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың дәлелі.

Колледжде оқу үрдісін цифрландыру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. 2022 жылдан бастап колледжде, кредиттік оқыту жүйесінің үрдістерін қолдауға және автоматтандыруға арналған автоматтандырылған білім беру ISEDU.shmk.kz платформасы жұмыс істейді. Платформа кесте құруды, студенттерді пәндерге тіркеуді, жеке оқу жоспарларын (ЖОЖ) қалыптастыруды, оқу жоспарларын басқаруды, аттестаттауды өткізуді және оқу-әдістемелік материалдарды сақтауды қамтамасыз етеді.

Колледжде барлық стейкхолдерлерді ақпараттандыру үшін колледж сайты жұмыс істейді ([www.shmk.edu.kz](http://www.shmk.edu.kz)), колледждің электрондық поштасы ([shmk@edu.kz](mailto:shmk@edu.kz)), барлық өткізілетін іс-шаралар Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде жарияланады.

Бүгінгі таңда Шымкент қ.ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі" МКК беделді және жан-жақты дамып келе жатқан білім беру ұйымы болып табылады. Бұл сапалы, беделді білім алуға ұмтылған жастардың іздейтін сенімді серіктесі және танылған көшбасшы.

**Колледждің негізгі стратегиялық мақсаты** - үнемі өзгеріп отыратын нарықтық орта жағдайында өзін жеке және кәсіби тұрғыда іске асыруға дайын және денсаулық сақтау жүйесінің, қоғамның, мемлекеттің талаптарын қанағаттандыратын, тәжірибеге бағытталған білімі бар жоғары білікті мамандарды даярлау. Колледждің сапа саласындағы саясаты білім беру процесінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. Басты мақсатқа жету үшін колледж келесі міндеттерді шешеді:

- мамандарды даярлаудың жоғары сапасы есебінен білім беру қызметтері нарығында колледждің оң имиджін қамтамасыз ету;
- бітірушілердің біліктілігінің жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- тәжірибелік денсаулық сақтау ұйымдарының тікелей қатысуымен әзірленген құзыреттілік тәсілге және кәсіби стандарттарға негізделген білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мақсатында жұмыс берушілермен серіктестік қарым-қатынасты дамыту;
- БМСК басымдылығын ескере отырып білім алушыларды оқыту;
- білім алушылардың кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту және олардың оқу қызметінің нәтижелеріне жауапкершілігін арттыру;
- еуропалық директиваларға сәйкес мейірбике ісі мамандарын даярлау;
- оқытудың заманауи технологияларын кеңінен қолдану;
- онлайн сервистерді, кітапханаларды, дәрісханаларды, оқу процесін және электрондық құжат айналымын құра отырып, толық ақпараттандыру;
- мамандарды даярлау сапасын тұрақты бақылау;
- колледждің материалдық-техникалық базасын жаңғырту;
- оқу-клиникалық базаны дамыту;
- кадрлық және институционалдық әлеуетті арттыру;
- заманауи сапа менеджменті негізінде колледжді басқару құрылымын оңтайландыру;
- сапа менеджменті жүйесін үнемі жетілдіру.

Колледж басшылығы негізгі стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасауға міндеттенеді, барлық қызметкерлердің осы Сапа саясатын коммуникациялауын, түсінуін және тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Осы сапа саясатын жүзеге асыру – колледж ұжымының әрбір мүшесінің жауапкершілігі және абыройлы ісі. Сонымен қатар, әрбір колледж қызметкері өз құзыреті шегінде өз жұмысының сапасы үшін жеке жауапкершілікте болады.

Артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай отырып, колледж одан әрі стратегиялық бағытты айқындады, оның негізгі мақсаты үнемі өзгеріп отыратын нарықтық орта жағдайында өзін жеке және кәсіби тұрғыдан іске асыруға дайын және денсаулық сақтау жүйесінің, қоғамның, мемлекеттің талаптарын қанағаттандыратын жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылады.

### 3. SWOT- талдауы

#### Кесте SWOT- талдау

<b>S(strenght)- мықты тұстары (әлеуетті оң ішінәра тұстары)</b>	<b>W(weakness)- әлсіз жақтары (әлеуетті теріс ішінәра тұстары)</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жоғары медицина колледжі мәртебесі;</li> <li>- білім беру мекемесін 2027 жылға дейін мемлекеттік аттестаттау;</li> <li>- білім беру қызметіне мерзімі шектеусіз мемлекеттік лицензияның болуы;</li> <li>- білім беру қызметін лицензиялауға біліктілік талаптарына сәйкес жоғары білікті оқытушылар құрамы;</li> <li>- педагогикалық құрамның біліктілік деңгейін үнемі жетілдіріп отыру;</li> <li>- бастауыш және жаңадан келген оқытушылармен тәлімгерлік жұмыс;</li> <li>- МЖМБС-ға сәйкес материалдық-техникалық базасы, ретке келтірілген ішкі құрылымның болуы;</li> <li>- білім беру ұйымының аккредиттелген мәртебесі;</li> <li>- ИСО 9001:2016 халықаралық стандарттарына сәйкес сертификаттың болуы;</li> <li>- колледж қызметінің барлық түрлерін тұрақты сыртқы және ішкі бақылау (аудиттер) және мониторингі;</li> <li>- үнемі жетілдіріліп отыратын менеджмент жүйесінің жұмыс жағдайында болуы;</li> <li>- симуляциялық және кәсіби құзыреттілік орталығының болуы;</li> <li>- симуляциялық технологиялардың оқу үрдісіне ендірілуі;</li> <li>- қосымша білім беру бөлімінің болуы;</li> <li>- ИРБИС -64 автоматтандырылған жүйемен қамтамасыз етілген заманауи кітапхана;</li> <li>- электрондық кітапхананың болуы;</li> <li>- өзінің жеке жатақханасының болуы;</li> <li>- спорт залының болуы;</li> <li>- буфеттің болуы;</li> <li>- жұмысы жолға қойылған халықаралық байланыстар;</li> <li>- әлеуметтік серіктестіктің болуы;</li> <li>- қаржылық тұрақтылық колледж</li> <li>- оқытушыларды ынталандыру жүйесі;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- басқа жекеменшік оқу орындарымен салыстырғанда білімнің салыстырмалы түрде жоғары құны;</li> <li>- материалдық-техникалық базаның, кітапхана қорының, компьютерлік техниканың ескіруі;</li> <li>- түлектердің жұмысқа орналасу деңгейінің жеткіліксіздігі;</li> <li>- оқытушы құрамының ағылшын тілін меңгеруінің төмен деңгейі;</li> <li>- магистр академиялық дәрежесі үшін қосымша ақы төлеуді реттейтін НҚА-ның болмауы;</li> <li>- ғылыми дәрежесі бар педагог кадрлардың төмен пайызы.</li> </ul>

<p>- шығармашылық атмосфера, дені сау бәсекелестік.</p>	
<p><b>О(opportunity) - қолайлы мүмкіндіктер (әлеуеттік-позитивтік ішкі факторлар)</b></p>	<p><b>T(treat)- қауіптер (әлеуетті теріс сыртқы факторлар)</b></p>
<p>- бағдарламаларды қаржыландыру саясатындағы өзгерістер (жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу);</p> <p>- әлемдік білім беру үдерісімен интеграцияны күшейту; оқу процесіне WSK стандарттарын енгізу;</p> <p>- оқу үрдісінде жаңа инновациялық, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті пайдалану;</p> <p>- білім беру саласында тәжірибе алмасу бойынша халықаралық ұйымдармен жұмысты белсендіру;</p> <p>- таяу және алыс шет елдерде педагогикалық біліктілігін арттырудан өткен оқытушылар үлесін ұлғайту;</p> <p>- халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық;</p> <p>- білім алушыларды даярлау үшін тәжірибелі денсаулық сақтау мамандарын тарту;</p> <p>- колледждегі конференциялар, семинарлар және шеберлік сабақтарына қатысу үшін Қазақстаннан және шетелден жетекші мамандарды шақыру;</p> <p>- оқытушылардың, қызметкерлер мен білім алушылардың халықаралық конференциялар, семинарлар, конкурстар, олимпиадаларға және т. б. қатысуы;</p> <p>- оқытушылар мен білім алушылардың ҚР колледждерінде академиялық ұтқырлығын (мобильділігін) енгізу және қашықтықтан мемлекетаралық деңгейде;</p> <p>- орта медициналық білім беру саласында еңбек нарығында талап етілетін жаңа мамандықтарды ашу;</p> <p>- еңбек нарығында талап етілетін мамандықтар бойынша қосымша білім беру қызметін ұсыну;</p> <p>- тәжірибелік денсаулық сақтаумен байланысты күшейту арқылы түлектердің жұмысқа орналасуының тиімді жүйесін құру;</p> <p>- колледждің материалдық-техникалық базасының сапасы мен мамандар дайындау деңгейін жақсартуға мүмкіндік беретін, тұтыну нарығында техникалық, ақпараттық, кітапханалық ресурстардың кең ассортименті мен таңдауы.</p>	<p>- оқу ақысы төмен медициналық білім беру ұйымдары арасындағы бәсекелестігінің күшейуі;</p> <p>- жоғары базалық білім деңгейі бар талапкерлердің ЖОО-ға кетуі;</p> <p>- талапкерлердің базалық дайындық сапасының төмендеуі;</p> <p>- бітіруші мамандар мен еңбек нарығы жағдайы арасындағы теңгерімсіздік;</p> <p>- материалдық-техникалық, ақпараттық, кітапхана ресурстарының үнемі қымбаттауына әкелетін инфляциялық үрдістер;</p> <p>- білікті оқытушылардың кетуі.</p>

### Тәуекелді талдау және басқару

Ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді басқару шараларын қабылдамаудың ықтимал салдары	Тәуекелдерді басқару қызметі
<b>Сыртқы тәуекелдер</b>		
Бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі қаупі.	Бюджеттің тұрақтылығына әсер ететін күтпеген салдарлар. Жоғары сапалы мамандарды даярлауды қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың жеткіліксіздігі.	Қаржылық басқару сапасын үздіксіз бақылау. Жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу.
Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейінің төмендігі қаупі.	Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейінің төмендігі.	Жұмысқа орналасу үшін жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарды ескермей, колледжді бітіргеннен кейін міндетті жұмысқа орналасу туралы нормативтік құқықтық актілерге ұсыныс жасау.
Бәсекелестердің білім беру қызметтері нарығына кіру қаупі.	Білім алушылар санының азаюы, қызметкерлердің қысқаруы.	Білім беру қызметі сапасының жоғары деңгейіне жету үшін колледждің әлуетін және артықшылықтарын нығайту.
Қоғамдағы діни ағымдардың болуы.	Білім алушылардың діни ағымдарға және басқалардың қатысуына байланысты оқудан бас тартуы.	Діни идеялары бар білім алушыларды әртүрлі студенттік жобалар, клубтар және секцияларға тарту бойынша белсенді жұмыс жасау. Психологиялық түзету тренингтерін өткізу.
Түлектердің кәсіби дайындығын бағалау кезінде тест тапсырмалары мен білім беру бағдарламасы арасындағы сәйкессіздік.	Түлектердің ҚМА (тестілеуден) өту пайызының төмендігі.	Білім беру бағдарламасына түзетулер енгізу және сәйкестендіру үшін тест дерекқорын дайындауға жауапты уәкілетті органдармен байланысу.
<b>Ішінара тәуекелдер</b>		
Құрал жабдықтардың уақтылы жаңартылмау қаупі.	Құрал жабдықтардың ескіруі.	Құрал жабдықтарын бақылау және жаңарту.
Білікті оқытушылар құрамының жетіспеу қаупі.	Педагогикалық біліктілік санаттары бар оқытушылар санының азаюы.	Біліктілікті арттыру, қайта даярлау, тағылымдамадан өту, соның ішінде: - заманауи бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу дағдыларын оқыту; - инновациялық оқыту әдістері бойынша біліктілікті арттыру.

#### 4. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен мақсатты көрсеткіштері

##### 4.1 - Стратегиялық бағыт. Колледждің ұйымдастыру-басқару қызметінің жүйесін жетілдіру

##### 4.1.1-мақсат. Жаңа экономикалық қатынастар жағдайында инновациялық типтегі колледжді басқару моделін әзірлеу, енгізу

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>1-тапсырма. Колледждің тиімділігін арттыру және білім беру сапасын жақсарту</b>									
1	Колледж қызметін реттейтін нормативтік құжаттардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігі.	%	Бұйрықтар Өкімдер	Директор Заңгер Мамандар бөлімінің меңгерушісі	100	100	100	100	100
2	Автоматтандырылған электрондық құжат айналымы жүйесіндегі кеңсе жұмысының деңгейі.	%	Стат. деректер	Директор Директордың ОЖЖО Мамандар бөлімінің меңгерушісі	100	100	100	100	100
3	Оқу үрдісін автоматтандыру деңгейі.	%	Стат. деректер	Директор Директордың ОЖЖО ОУДО меңгерушісі	100	100	100	100	100
4	Тәуекелдерді азайту және сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алу бойынша алдын алу шараларына колледж қызметкерлерін тарту.	%	Есеп	Директор Директордың ОЖЖО Комплаенс-офицер	30	40	50	80	100
5	Колледждің веб-сайты, теледидары, электрондық БАҚ-тағы жарияланымдар және т.б. арқылы колледждің білім беру қызметінің көпшілікке ашықтығын қамтамасыз ету.	%	Бұйрықтар Өкімдер	Директор Директордың ОЖЖО Директордың ОӨЖО ОУДО меңгерушісі	70	80	90	100	100

##### 4.1.2-мақсат. Адами ресурстарды және интеллектуалдық әлеуетті дамыту

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>1-тапсырма. Колледждегі басқару жүйесін жетілдіру, оның ішінде корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу</b>									
1	Білім беру ұйымдарында менеджмент мамандығы бойынша біліктілігін арттырудан өткен колледждің әкімшілік-басқару персоналының үлесі.	%	Бұйрықтар	Директор	10	12	15	17	20
2	Қызметкерлердің басқару саясатына қанағаттануы.	%	Сауалнама	Директор	90 кем емес	90 кем емес	90 кем емес	90 кем емес	90 кем емес

**4.1.3-мақсат. Халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру қызметінің оңтайлы көлемін қамтамасыз ету**

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>1- Тапсырма. Колледж қызметінің барлық салалары үшін басқарушылық шешімдер қабылдау үшін тиімді мониторинг жүйесін жетілдіру</b>									
1	Стратегиялық жоспарлау әдісін (SWOT) қолдана отырып, колледж ресурстары мен процестеріне кешенді талдау жүргізу және ішкі және сыртқы орта факторларын анықтау.	%	Кешенді талдау	Директор Директордың ЭІЖО Директордың ОЖЖО Директордың ОӨІЖО	100	100	100	100	100
2	Колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне жыл сайынғы мониторинг.	%	Басшылықтың СМЖ талдауы	Директор СМЖ үйлестірушісі	100	100	100	100	100
3	ISO 9001 стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесін қолдайтын колледждің құрылымдық бөлімшелерінің үлесі.	%	Басшылықтың СМЖ талдауы	Директор СМЖ үйлестірушісі	100	100	100	100	100
4	Колледждің СМЖ-нің қолданыстағы ISO 9001 стандарттарына сәйкестігін растау.	Саны	сертификат	Директор СМЖ үйлестірушісі Директордың ЭІЖО	1	1	1	1	1

**4.2 - Стратегиялық бағыт. Білім беру қызметтерінің жүйесін жетілдіру**

**4.2.1-мақсат. Колледж көрсететін білім беру қызметінің сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету**

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>1- Тапсырма. Білім беру қызметтерінің сапасын объективті бағалауды қамтамасыз ету</b>									
1	Колледждің мемлекеттік аттестациясы.	Стат. деректер	Бұйрық	Директор Директордың ОЖЖО Директордың ОӨІЖО		Колледждің мемлекеттік аттестатауы			
2	Институционалдық аккредиттеуден өту.	дана	Сертификат	Директор Директордың ЭІЖО Директордың ОЖЖО	Аккредит теу	-	Аккредит. кейін мониторинг	-	Аккредит. кейін мониторинг
3	Мамандандырылған аккредиттеуден өту.	дана	Сертификат	Директор Директордың ЭІЖО Директордың ОӨІЖО	БББ аккредит теу	-	Аккредит. кейін мониторинг	-	Аккредит. кейін мониторинг

4	Тәуелсіз емтиханның шекті деңгейінен өткен колледж түлектерінің үлесі.	%	ҰТТО хаттамасы	Директордың ОЖЖО	85 кем емес				
5	Қаланың және Қазақстан Республикасының үздік колледждерінің рейтингісіне қатысу.	Стат. деректер	Есеп	Директор Директордың ОЖЖО СМЖ үйлестірушісі	+	+	+	+	+
<b>2- Тапсырма. Талапкерлерді іріктеу және колледжге қабылдау сапасын арттыру</b>									
1	Шымкент және Түркістан облысында кәсіптік бағдар беру жұмыстарымен қамтылған мектептер санын көбейту.	Саны	Есеп	Директордың ОТЖО	50 кем емес				
<b>3 - Тапсырма. Білім беру үрдісінде сапаның жоғары деңгейін қамтамасыз ету</b>									
1	Білім алушылардың үлгерімі.	%	Есеп	Директордың ОЖЖО	80 кем емес				
2	Түлектердің дайындық деңгейі.	%	МЕК есебі	Директор Директордың ОЖЖО	85 кем емес				
3	Қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық конференцияларға, семинарларға, конкурстарға, олимпиадаларға және т.б. қатысқаны үшін сертификаттары, мақтау қағаздары, төсбелгілері бар студенттердің үлесі.	%	Сертификат Диплом Мақтау қағаздары Төсбелгілер	Директор Директордың ОЖЖО ӘК меңгерушісі	50 кем емес	55 кем емес	60 кем емес	65 кем емес	70 кем емес
4	Пәнге бағытталған жобалық зерттеу жұмыстарына қатысатын білім алушылардың саны.	саны	Есеп	Директордың ОЖЖО ӘК меңгерушісі ЦӘБ төраға/төрайымдары	65	67	70	72	75
5	Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейі.	%	Сауалнама	Директор Директордың ОЖЖО Комплаенс-офицер Психолог	80 кем емес				
<b>4 - Тапсырма. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту</b>									
1	Орта, орта білімнен кейінгі және фармацевтикалық мамандарды даярлау жүйесінде халықаралық серіктестерді іздеу және ұлғайту.	бірлігі	Меморандумдар Келісімдер	Директор Директордың ОЖЖО Директордың ӘІЖО	17	18	19	20	21
2	Білім алушылар мен оқытушылардың «Академиялық ұтқырлық» жобасына қатысуы.	Стат. деректер	Есеп	Директор Директордың ОЖЖО Директордың ОӨІЖО Директордың ӘІЖО	+	+	+	+	+
3	Колледж студенттерінің кәсіби шеберлік «WorldSkills Kazakhstan». байқауларына жыл сайынғы қатысуы.	Стат. деректер	Сертификат тар Дипломдар	Директор Директордың ОӨІЖО СЖКҚО меңгерушісі	+	+	+	+	+

<b>4.1 - Тапсырма . Білім беру бағдарламаларын жетілдіру</b>									
2	ОӘК, ПОӘК-нің үлесі.	%	Есеп	Директордың ОЖЖО Директордың ОӨІЖО ӘК меңгерушісі	100	100	100	100	100
2	Жұмыс берушімен бірлесе дайындалған кәсіптік тәжірибе жөніндегі оқу бағдарламасының үлесі.	%	Есеп	Директордың ОӨІЖО	100	100	100	100	100

**4.2.2 – мақсат. Әлеуметтік жауапкершілік және денсаулық сақтау секторымен тиімді әрекеттесу**

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>1- Тапсырма. Денсаулық сақтау ұйымдарымен ынтымақтастықта колледждің сенімді және құзыретті серіктес ретіндегі имиджін қолдау</b>									
1	Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі.	%	Еңбекпен қамту туралы анықтама	Директордың ОЖЖО Директордың ОӨІЖО Бөлім меңгерушілері	75 кем емес				
2	Түлектерді өндірістік тағылымдамадан өткізу және жұмысқа орналастыру үшін тұрақты қарым-қатынас орнату мақсатында колледж бен медициналық ұйымдар арасындағы ынтымақтастық .	саны	Келісімдер	Директор Директордың ОӨІЖО	50 кем емес				
3	Жұмыс берушінің колледж түлектерін дайындау сапасына қанағаттануы.	%	Сауалнама	Директордың ОЖЖО Директордың ОӨІЖО Бөлім меңгерушілері	90 кем емес				
<b>2- Тапсырма. Біліктілікті арттыру және үздіксіз білім беру бөлімінің ұстанымын нығайту</b>									
1	Тыңдаушылардың білім сапасы	%	Есеп	Директордың ОӨІЖО ҚБББ меңгерушісі	85 кем емес				
2	Тыңдаушылардың қосымша білім беру сапасына қанағаттануы	%	Сауалнама	Директордың ОӨІЖО ҚБББ меңгерушісі	90 кем емес				

**4.2.3-мақсат. Білім беру қызметтерін көрсетуге кешенді тәсілді қамтамасыз ету (әлеуметтік аспект)**

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>1- Тапсырма. Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда мемлекеттің дамуы мен нығаюына үлес қосуға дайын, белсенді азаматтық ұстанымы бар болашақ маманның жеке басын қалыптастыру</b>									
1	Жастар саясатын жүзеге асыруға және патриоттық тәрбие беруге білім алушылардың қатысу деңгейі.	%	Есеп	Директордың ОТІЖО ЖІЖ инспекторы	90 кем емес				
2	Тәуекелдерді азайту және сыбайлас жемқорлықтың, экстремизмнің, терроризмнің, ұлттық және діни төзімсіздіктің алдын алу үшін білім алушыларды алдын алу шараларына тарту.	%	Есеп	Директордың ОТІЖО ЖІЖ инспекторы Комплаенс-офицер	100	100	100	100	100
3	Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру арқылы білім алушылардың жүйелік ойлауын, құқықтық және коммуникативтік дағдыларын дамыту.	%	Жоспарлар есептер	Директордың ОТІЖО ЖІЖ инспекторы	100	100	100	100	100
4	Салауатты өмір салтын және экологиялық мәдениетін қалыптастыру.	%	СӨС жоспары топ жетекшілер есебі	Директордың ОТІЖО	100	100	100	100	100
5	Бірінші курс білім алушыларын бейімделу бойынша жұмысын іске асыру сапасына қанағаттану деңгейі.	%	Сауалнама	Директордың ОТІЖО ЖІЖ инспекторы психолог	95 кем емес				
<b>2- Тапсырма. Білім алушыларды белсенді әлеуметтік өмірге дайындау</b>									
1	Жастар ұйымдары мен студенттік өзін-өзі басқаруға қатысатын білім алушылар саны.	%	Есеп	Директордың ОТІЖО ЖІЖ инспекторы Студ. парламент	50 кем емес				
2	Еріктілер қозғалысына қатысатын білім алушылар саны.	Саны	Есептер, жиналыс хаттамалары	Директордың ОТІЖО ЖІЖ инспекторы	35 кем емес				
3	Қалалық, аймақтық және республикалық спорт түрлері мен шығармашылық жарыстарға қатысатын білім алушылардың пайызы.	%	Сертификаттар Дипломдар Мадақтамалар Медальдар	Директордың ОТІЖО оқытушылар	10	15	20	25	30

3 - Міндет. Әлеуметтік қолдау									
1	Әлеуметтік қолдау алатын білім алушыларды қамту (ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетімдер).	%	Педагогикалық кеңестің хаттамалары, бұйрықтар	Директор Директордың ОЖЖО Директордың ЭІЖО	100	100	100	100	100

#### 4.3. Стратегиялық бағыт. Колледж оқытушыларының кәсіби және шығармашылық әлеуетін арттыру.

##### 4.3.1-мақсат. Профессорлық оқытушы құрамының білікті штатын қалыптастыру

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1-Тапсырма. Сапа кепілдігін қамтамасыз ету үшін кадрлық әлеуетті дамыту									
1	Штаттағы ПОҚ-ның үлесі.	%	Стат. деректер	Директор	70 кем емес				
2	Педагог-шебер, педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы біліктілігіне ие штаттағы оқытушылардың пайызы.	%	Стат. деректер	Директорат Директордың ОЖЖО ӘК меңгерушісі	30 кем емес				
3	Педагогикалық шеберлік бойынша оқудан өткен оқытушылар саны.	%	Сертификат тар куәлік	Директордың ОЖЖО ӘК меңгерушісі МБ меңгерушісі	10	15	20	25	30
4	BEGINNER базалық деңгейдегі ағылшын тілі курстарында оқыған ПОҚ-ның саны.	%	Сертификат тар	МБ меңгерушісі ӘК меңгерушісі оқытушылар	13 кем емес				
5	Шет елге біліктілігін арттыруға жіберілген мамандардың үлесі.	%	Бұйрықтар	Директор Директорат Директордың ОЖЖО Директордың ЭІЖО Мамандар бөлімі	1	1	2	2	3
6	Қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік және (теориялық) конференциялар жинақтарында жарияланымдар жарияланған оқытушылар үлесі.	%	Жарияланым	Директордың ОЖЖО ӘК меңгерушісі ЦӘБ төраға/ төрайымдары	10	15	20	25	30

7	Қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық конференциялар, семинарлар, байқаулар, олимпиадаларға және т. б. қатысқаны үшін сертификаттары, дипломдары, грамоталары бар ПОҚ-ның үлесі.	%	Сертификат тар Дипломдар Грамоталар Медальдар	Директордың ОЖЖО Директордың ОӨЖО ӘК меңгерушісі ЦӘБ төраға/ төрайымдары	70 кем емес				
8	Оқу үрдісінде жасанды интеллект технологияларын қолданатын оқытушылардың үлесі.	%	Есеп	ӘК меңгерушісі	50 кем емес	55 кем емес	60 кем емес	70 кем емес	80 кем емес

#### 4.3.2-мақсат. Еңбекті тиімді ынталандыру үшін жағдай жасау

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>1 - Тапсырма. Педагогтік-оқытушылық құрамының еңбек жағдайларына, жеке және кәсіби даму мүмкіндіктеріне, еңбекақы төлеу деңгейі мен әділдігіне қанағаттану деңгейін арттыру.</b>									
1	Оқытушылар құрамының еңбек жағдайларына (еңбек) және әлеуметтік қолдауға қанағаттану дәрежесі.	%	Сауалнама	Кәсіподақ төрағасы Психолог Инженер	85 кем емес				
2	Педагогикалық қызметкерлерді ынталандыру және бөлінген қаражаттың үлесі.	%	Қаржылық есеп	Директор Директордың ӘЖО	5 дейін	5 дейін	5 дейін	5 дейін	5 дейін

#### 4.4.Стратегиялық бағыт. Колледждің қаржылық тұрақтылық жүйесін жетілдіру және материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту

##### 4.4.1-мақсат. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>1 - тапсырма. Құрылымдағы қаржылық-экономикалық механизмдерді дамыту және олардың қаржылық тәуелсіздігі мен жауапкершілігін арттыру</b>									
1.	Қаржы қаражаттын бөлу мен пайдаланудағы басымдық механизмдерін жетілдіру.	%	Даму жоспары	Директордың ӘЖО Бас есепші	100	100	100	100	100
2.	Бекітілген жоспарға сәйкес қаражатты мақсатты, негізделген пайдалану. Кәсіпорынды дамытудың маңызды және тактикалық тұрғыдан қажетті бағыттарын жүзеге асыру кезінде қаражат көлемі мен жұмсалудың икемділігі.	%	Даму жоспары Даму жоспарының іске асыру есебі	Директордың ӘЖО Бас есепші	100	100	100	100	100

3	Басқарудың барлық деңгейінде қызметтің кез келген түрін жүзеге асыру кезінде шығындар құрылымын оңтайландыру және орындылығын негіздеу.	%	Даму жоспарының орындалуы туралы есеп	Директордың ЭЖО Бас есепші	100	100	100	100	100
---	---	---	---------------------------------------	-------------------------------	-----	-----	-----	-----	-----

#### 4.4.2-мақсат. Материалдық-техникалық базасын нығайту және жетілдіру

№	Мақсатты көрсеткіш атауы	Бірлік өлшемдер	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Жоспар (жылдар)				
					1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>Тапсырма 1. Материалдық-техникалық базаны жақсарту</b>									
1.	Оқу үрдісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету.	%	Даму жоспары	Директордың ЭЖО Директордың ОӨЖО Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер	82	84	86	88	90
2.	Ақпараттық жүйеге оқу құралдарын енгізу бойынша жұмысты жетілдіру.	%	Жылдық есеп	Кітапхана меңгерушісі, ОҰҚДО меңгерушісі	70	80	85	95	100

#### 5. Қажетті ресурстар

№	Ресурстар	Өлшем бірлік	Жоспар (жылдар)							
			1-ші жыл 2026	2-ші жыл 2027	3-ші жыл 2028	4-ші жыл 2029	5-ші жыл 2030			
1	2	3	5	6	7	8	9			
<b>Қаржылық жиынтық, соның ішінде:</b>										
<i>Мемлекеттік тапсырыс бойынша:</i>										
1	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды даярлау	мың теңге	1390879,0	1253571,2	1118502,5	1118502,5	1118502,5			
2	Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау	мың теңге	38218,0	38218,0	38218,0	38218,0	38218,0			
3	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	мың теңге	16418,0	17239,0	18101,0	18101,0	18101,0			
4	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету шеңберінде стоматологиялық көмек	мың теңге	23699,4	23699,4	23699,4	23699,4	23699,4			
<b>Барлығы:</b>			<b>1469214,4</b>	<b>1332727,6</b>	<b>1198520,9</b>	<b>1198520,9</b>	<b>1198520,9</b>			

	<i>Ақылы қызметтерден:</i>						
1	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды даярлау	мың теңге	300000,0	320000,0	340000,0	360000,0	380000,0
2	Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау	мың теңге	25500,0	26000,0	26500,0	27000,0	27500,0
3	Стоматологиялық көмек	мың теңге	5000,0	5500,0	6000,0	6500,0	7000,0
	<b>Барлығы:</b>		<b>330500,0</b>	<b>351500,0</b>	<b>372500,0</b>	<b>393500,0</b>	<b>414500,0</b>
	<b>Жалпы қаржы ресурстары, оның ішінде:</b>						
1	Оқу кабинеттерінің жабдыкталуы	%	82	84	86	88	90
2	Кітапхана қорының саны	дана	77353	77500	77650	77800	77950
3	Техникалық оқыту құралдарының саны	дана	1635	17000	1720	1750	1780
4	Интернет трафигін күшейту, Wi-Fi қолжетімділігін қамтамасыз ету	МБ	150	150	150	150	150